

Түрік кредит жүйесі бойынша берешектік есептеме туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1882

Алматы қалалық жолаушылар автокөлігі өнеркәсіптік бірлестігінің республикалық бюджетке түрік кредиті жүйесі бойынша пайда болған берешегін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Алматы қалалық жолаушылар автокөлігі өндірістік бірлестігінің республикалық бюджетке түрік кредиті жүйесі бойынша 360 (үш жүз алпыс) млн. теңге берешегіне Алматы қалалық бюджеті арқылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұйымдарына қалалық қоғамдық көлікті дамытуға беруге жататын республикалық бюджет қаражаты есебінен (үш жүз алпыс) млн. теңгеге есептеме жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі